

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медицина Университеті



КАФЕДРА: ЭПИДЕМИОЛОГИЯ

Аналитикалық эпидемиология зеттеу.
Оқиға-бақылау және когорттық зерттеулер.

Орындаған: Мансурова И.М.

Қабылдаған: Жақан Ж.Ж.

Тобы: 13-002-01

Факультет: ҚДС

Курс: 5

Аналитикалық эпидемиологиялық зерттеулердің мақсаты

- эпидемиологиялық тексеру мен қадағалау барысында жұқпалы аурулардың пайда болу мен таралуы туралы диагностикалық болжауды бағалау үшін тексеру жүргізу.

Аналитикалық эпидемиологиялық зерттеу
әдісінің екі түрі бар:

«оқиға-бақылау» түрінде зерттеу;

когортты зерттеу;

«Оқиға-бақылау»

- «Оқиға-бақылау» түрінде зерттеу екі топтағы адамдар туралы мәліметті салыстыру нәтижесіне негізделеді. Бірінші топ – жұқпалы аурумен науқасталған адамдар (оқиға), екіншісі – осы инфекциямен ауырмаған адамдар тобы (бақылау), бірақ осы екі топтағы адамдар қауіп-қатер факторының әсеріне бірдей ұшырайды.

Когортты зерттеу (бақылау)

- **Когортты зерттеу (бақылау)** – бұл эпидемиологиялық белгілері бар топтарды білу. Когортты зерттеу – белгілі бір зерттеу уақытында қауіп-қатер факторының әсер еткен және әсер етпеген топтарында (когортта) сырқаттанушылықтың интенсивті көрсеткішін анықтау.

- Эпидемиологиялық диагностикада когортты зерттеуді пайдалынып, жиналған сырқаттанушылық көрсеткішін ретроспективті эпидемиологиялық талдау деп атайды. Зерттеуде сырқаттанушылық динамикасын бағалау түрі жедел эпидемиологиялық талдау барысында анықталады.
- Көп жағдайда зерттеу әдісін екі қатар пайдаланылуы мүмкін, олар бір-бірін толықтырады. Когорттық зерттеудің нәтижесі арқылы **тікелей** және **салыстырмалы** қауіп-қатер анықталады.
- **Тікелей қауіп-қатер деп** қауіп-қатердің әсері тиген және тимеген адамдардың сырқаттанушылығы көрсеткіштерінің айырмашылығын айтады.
- **Салыстырмалы қауіп-қатер деп** қауіп-қатердің әсері тиген және тимеген адамдардың сырқаттанушылық көрсеткіштерінің қатынасын айтады.

